

Теміртау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 сәуірдегі 2 сессиясының № 2/5 " Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 17 қазандағы № 44/4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 қазанда № 5516 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 2/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 14.04.2023 № 2/4 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Теміртау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Теміртау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 сәуірдегі 2 сессиясының № 2/5 "Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде № 3799 тіркелген, "Стальная гвардия" газетінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 3 санында жарияланған, 2016 жылы 16 маусымда " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда берілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*К. Ныгметов
А. Ломакин*

Теміртау қалалық
мәслихатының 2019 жылғы
"17" қазандағы № 44/4
шешіміне қосымша
Теміртау қалалық
мәслихатының 2016 жылғы
"19" сәуірдегі № 2/5
шешіміне қосымша

Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылына 1 есеп айырысу бірлігіне текше метрде коммуналдық қалдықтардың жинақ нормасы
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,65
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,15
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	1,1
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,85
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,83
5	Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,2
6	Емханалар	1 келіп кету	0,008
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,4
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,28
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,55
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,02
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,025
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,025
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	0,4
	Өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,55
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м ²	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,5

17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,21
18	Өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,26
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,38
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,36
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,21
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,1
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожағармай станциясы, гараждар	1 машина-орын	0,5
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,75
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,33
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,5
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательелері	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,17
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары	1 жұмыс орны	0,4
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,11
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,006
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,45